

ХАТТАМА №1

Кеңестік пункт – дөңгелек үстел отырысы

Тақырыбы: «Баланың бақшаға бейімделуі»

Өткізілген күні: 04.09.2023 жыл

Өткізілген орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар: әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер, медбике, ата-аналар

Күн тәртібі:

1. Баланың балабақшаға бейімделу кезеңіндегі ерекшеліктері
2. Ата-аналарға психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету жолдары
3. Балаға жайлы орта қалыптастыру бойынша ұсыныстар

Тыңдалды:

- Әдіскер Аллиярова К.Ж.: Балабақшаға алғаш келген бала үшін жаңа ортаға бейімделу күрделі процесс. Балабақша мен отбасы арасындағы тығыз байланыс баланың тез бейімделуіне септігін тигізеді.

- Психолог Отегенова А.Е. : Балада қорқыныш, мазасыздық, жылау секілді белгілер байқалуы мүмкін. Мұндай кезде ата-аналар сабырлы, түсіністікпен қарап, күнделікті қоштасу мен қарсы алуды бір тәртіппен жүргізуі қажет.

- Тәрбиеші Загудуллина Г.Р: Тәрбиеші тарапынан жылы қабылдау, ойын арқылы бейімделу, жеке назар аудару – негізгі әдістер.

- Медбике Кречотень Л.В: Баланың физикалық жағдайы, ұйқы және тамақтану режимі сақталуы маңызды.

Талқылау барысында ұсынылды:

- Ата-аналарға арналған ақпараттық парақшалар тарату
- Бала бейімделу кезеңінде тәрбиешімен кері байланыс орнату
- Психологтың қатысуымен жеке және топтық кеңестер өткізу

Қаулы етілді:

1. Әр балаға жеке бақылау картасы жүргізілсін

2. Ата-аналармен бейімделу туралы түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын
3. Кеңестік пункт арқылы бейімделу кезеңінде қосымша қолдау көрсету жалғассын

ХАТТАМА №2

Кеңестік пункт – Ашық есік күні

Тақырыбы: «Келіңіз, танысайық»

Күні: 03.10.2023 ж.

Өткізілген орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар: ата-аналар, балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-мамандар, медбике

Мақсаты:

Ата-аналарды балабақша өмірімен таныстыру, педагогикалық ұжыммен таныстыра отырып, ынтымақтастықты қалыптастыру, баланың толыққанды дамуына бірлескен қолдау көрсету.

Күн тәртібі:

1. Балабақша меңгерушісінің кіріспе сөзі
2. Топтармен, педагогикалық құраммен таныстыру
3. Сабақ үлгілерін көрсету
4. Ашық әңгімелесу, ата-аналардың сұрақтарына жауап беру

Тыңдалды:

- Меңгеруші Амандыкова С.А.: Балабақшадағы білім беру, тәрбие жұмыстарының бағыттары таныстырылды.

- Әдіскер Аллиярова К.Ж.: Оқу жылына арналған жоспармен, тәрбие жұмысының мазмұнымен таныстырды.

- Психолог Отегенова А.Е.: Бала мінез-құлқы мен бейімделу ерекшеліктері туралы ақпарат берді.

- Белалова Р.: Жаңа педагогтармен танысып, баланың күн тәртібі, тамақтану және денсаулығына қатысты сұрақтар қойды.

Қаулы етілді:

1. Ата-аналармен тығыз байланыс орнату мақсатында ай сайын кеңестік жұмыстар жалғассын.
2. Ашық есік күнін дәстүрлі түрде жылына 2 рет өткізу ұсынылсын.
3. Педагогтер тарапынан ата-аналарға қажетті кеңес беру жүйелі жүргізілсін.

ХАТТАМА №3

Кеңестік пункт аясында өткізілген дөңгелек үстел

Тақырыбы: «Баланы тәрбиелеудегі маңызды жол»

Күні: 03.11. 2023 ж.

Өтетін орны: №3 «Айналайын» бөбекжай - бақшасы

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, педагогтер, ата-аналар, психолог

Мақсаты:

Ата-аналарға бала тәрбиесіндегі негізгі бағыттарды түсіндіру, отбасылық және балабақша тәрбиесінің өзара байланысын нығайту.

Күн тәртібі:

1. Кіріспе сөз – балабақша меңгерушісі
2. «Тәрбиенің бастауы – отбасы» баяндама – әдіскер
3. Психологтың кеңесі: «Жас ерекшеліктеріне қарай балаға әсер ету жолдары»
4. Ата-аналар пікірлері, сұрақ-жауап
5. Қорытынды

Тыңдалды:

- Меңгеруші Амандыкова С.А.: бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі мен балабақша педагогтерімен тығыз байланыс қажеттілігі жайлы айтты.

- Әдіскер Аллиярова К.Ж: бала тәрбиесінде дәйектілік пен бірізділік маңызды екенін атап өтті.

- Отегенова А.Е: эмоционалды қолдау көрсету, тыңдай білу, мадақтау секілді әдістерді қолдану туралы айтып өтті.

-Белалова Р. : тәрбие беру барысындағы өз тәжірибелерімен бөлісті, сұрақтар қойып, мамандардан жауап алды.

Қаулы етілді:

1. Ата-аналармен жүйелі түрде кеңестік жұмыстар жалғастырылсын.

2. Психолог пен педагогтер ай сайын семинар-тренингтер өткізсін.
3. Баланы тәрбиелеуде бірізділік болу үшін ата-аналармен кері байланыс тұрақты орнатылсын.

ХАТТАМА №4

Кеңестік пункт аясында өткізілген семинар-практикум

Тақырыбы: «Уақытты тиімді пайдалану»

Күні: 04.12.2023 жыл

Өтетін орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар: педагогтер, ата-аналар, психолог, әдіскер

Мақсаты:

Ата-аналар мен педагогтерге уақытты тиімді ұйымдастырудың маңызын түсіндіру, баламен уақыт өткізудегі сапаны арттыру, күн тәртібін дұрыс құрудың жолдарын көрсету.

Күн тәртібі:

1. Кіріспе сөз – балабақша меңгерушісі
2. Баяндама: «Бала тәрбиесіндегі уақыттың рөлі» – әдіскер
3. Практикалық бөлім: күн тәртібін құрастыру жаттығулары – психолог
4. Талқылау, сұрақ-жауап
5. Қорытындылау

Тыңдалды:

- Меңгеруші Амандыкова С.А.: уақытты жоспарлау бала тәрбиесінде тәртіп пен тұрақтылықтың негізі екенін атап өтті.
- Әдіскер Аллиярова К.Ж: баланың күн тәртібін дұрыс құру ата-ананың басты міндеттерінің бірі екенін баяндады.
- Психолог Отегенова А.Э: ата-аналармен бірге «Балаға арналған күн тәртібі» практикалық жаттығуын жүргізді.
- Ата-аналар: семинардан алған әсерлерімен бөлісіп, өз ұсыныстарын айтты.

Қаулы етілді:

1. Ата-аналарға уақытты тиімді жоспарлау бойынша кеңестер берілсін.
2. Баланың күн тәртібі балабақша мен үй жағдайында сәйкестендірілсін.
3. Алдағы уақытта «ата-аналар мектебі» форматында сабақтар жалғастырылсын.

ХАТТАМА №5

Кеңестік пункт аясында өткізілген пікір алмасу отырысы

Тақырыбы: «Тазалық – денсаулық кепілі»

Күні: 03.01.2024 жыл

Өткізілген орны №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар: балабақша тәрбиешілері, ата-аналар, медбике

Мақсаты:

Балалардың күнделікті өмірінде тазалық пен гигиеналық дағдыларды қалыптастыруда ата-аналар мен педагогтердің бірлескен жұмысын талқылау.

Күн тәртібі бойынша қаралған мәселелер:

1. Балалар арасында тазалық сақтау дағдыларының қалыптасуы.
2. Ата-аналардың үй жағдайындағы тазалық тәртібіне назар аударуы.
3. ЖРВИ, ішек ауруларының алдын алу шаралары.
4. Балабақшада санитарлық талаптардың сақталуы.

Тыңдалды:

- Өдіскер: тазалықтың маңыздылығына тоқталып, күнделікті қол жуу, тіс тазалау, жеке бас гигиенасын сақтау дағдыларын балаға ерте жастан үйретудің маңызын айтты.
- Медбике: тазалық сақталмаған жағдайда туындайтын ауру түрлерін атап өтіп, алдын алу шараларымен таныстырды.
- Ата-аналар: үй жағдайында қандай жұмыстар жүргізіп жатқандары туралы бөлісіп, бірі-бірімен тәжірибе алмасты.
- Белалова Р: топта тазалыққа баулу жұмыстарының жүйелі түрде жүргізілетіні туралы баяндады.

Қаулы етілді:

1. Баланың тазалыққа бейімделуінде ата-ана мен тәрбиеші тығыз байланыста жұмыс жасасын.
2. Балаларға арналған жеке гигиена құралдарын қолдану дағдыларын дамыту жалғастырылсын.
3. Ай сайын санитарлық тазалық апталығы өткізіліп отырсын.
4. Ата-аналарға арналған гигиена бойынша жадынамалар таратылсын.

ХАТТАМА №6

Кеңестік пункт аясында өткізілген фото көрме

Тақырыбы: «Балабақшадағы бір күнім»

Күн жыл : 01.02.2024 жыл

Өткізілген орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар: педагогтар, ата-аналар, әдіскер, медбике

Мақсаты:

Балалардың балабақшадағы күн тәртібін, күнделікті өмірін, дамытушы ортасын ата-аналарға таныстыра отырып, тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы тығыз байланысты нығайту.

Күн тәртібі бойынша қаралған мәселелер:

1. Фото көрмені ұйымдастыру барысы.
2. Балабақша өмірінің әр кезеңін қамту (таңғы қабылдау, оқу қызметі, ойын, серуен, тамақтану, ұйқы т.б.).
3. Ата-аналармен кері байланыс.

Тыңдалды:

- Әдіскер Аллиярова К.Ж: көрменің мақсатын баяндап, балалардың күнделікті өмірі – тәрбие мен білімнің маңызды кезеңі екенін атап өтті.
- Тәрбиешілер Загидуллина: балалардың әр сәтін фото арқылы көрсете отырып, олардың даму кезеңдерін сипаттап берді.
- Ата-аналар Белалова Р.: көрме арқылы өз балаларының күнделікті іс-әрекеттерімен танысып, алғыстарын білдірді.
- Медбике Крекотень Л.В.: күн тәртібінің балалардың денсаулығына тигізер оң әсерін атап өтті.

Қаулы етілді:

1. Фото көрме жылына кемінде бір рет ұйымдастырылып отырсын.
2. Ата-аналар тарапынан ұсыныстар қабылданып, болашақ көрмелерде ескерілсін.

3. Балалардың қатысуымен шағын бейнеролик түсіру жоспарлансын.
4. Тәрбиешілер фото көрме материалдарын электрондық түрде сақтасын.

ХАТТАМА №7

Кеңестік пункт аясында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

Тақырыбы: «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

Күні: 04.03.2024жыл

Өткізілген орны: №3«Айналайын» бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар: әдіскер, тәрбиешілер, ата-аналар, мамандар (психолог)

Мақсаты:

Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізінде баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігі мен бірізділігін сақтау.

Күн тәртібі бойынша қаралған мәселелер:

1. Ашық ҰІӨ барысымен танысу.
2. Баланың тұлғалық, әлеуметтік және танымдық дағдыларын дамыту тәсілдерін талдау.
3. Біртұтас тәрбие бағдарламасын тәжірибеде қолдану жолдары.
4. Ата-аналармен кері байланыс орнату.

Тыңдалды:

- Тәрбиеші Загидулина Г.Р.: ҰІӨ-нің мақсат-міндеттерімен таныстырып, іс-әрекетті тәжірибе арқылы көрсетті. Ойын, сұрақ-жауап, шығармашылық тапсырмалар арқылы балалардың белсенділігі мен қызығушылығы жоғары деңгейде байқалды.

- Әдіскер Аллиярова К.Ж: ашық оқу қызметінің құрылымына сараптама жасап, біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізудің маңыздылығына тоқталды.

- Ата-аналар: балалардың белсенді қатысуына ризашылық білдіріп, үй жағдайында да тәрбие бағытын жалғастыруға дайын екенін жеткізді.

- Психолог Отегенова А.Э.: баланың тұлғалық дамуына жүйелі тәрбие мен білімнің әсерін атап өтті.

Қаулы етілді:

1. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүргізілетін оқу қызметтері жоспарлы түрде жалғастырылсын.
2. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, тәрбиелік ықпалдастық күшейтілсін.
3. Әр топта осындай ашық іс-әрекеттер жүйелі түрде өткізіліп отырсын.
4. ҰІӨ қорытындысы бойынша әдістемелік ұсыныстар дайындалсын.

ХАТТАМА №8

Кеңестік пункт аясында жүргізілген сауалнама нәтижесі

Тақырыбы: «Баланың даму деңгейі»

Күні: 03.04.2024 жыл

Өткізілген орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар: ата-аналар, тәрбиешілер, әдіскер, мамандар

Мақсаты:

Баланың жас ерекшелігіне сай даму деңгейін анықтау, ата-аналардың бала дамуындағы рөлі мен көзқарасын зерттеу.

Сауалнама сұрақтары:

1. Балаңыздың сөйлеу дағдысына қаншалықты көңіл бөлесіз?
2. Қозғалыс белсенділігі мен жалпы физикалық дамуы қандай деңгейде?
3. Балаңыздың өз-өзіне қызмет ету дағдылары қалыптасқан ба?
4. Эмоциялық, мінез-құлықтық ерекшеліктері қандай?
5. Балаңызбен бірге үй жағдайында қандай дамыту жұмыстары жүргізесіз?

Нәтижесі бойынша:

- Көптеген ата-аналар балаларының тілдік және әлеуметтік дамуында оң өзгерістер бар екенін атап өтті.
- Кейбір ата-аналар моторика мен өз бетінше әрекет ету дағдыларында кідіріс бар екенін мойындады.
- Бала дамуындағы басты кедергілер ретінде гаджетке тәуелділік, ата-анамен уақыт тапшылығы, тұрақты режимнің болмауы атап өтілді.

Қаулы етілді:

1. Тәрбиешілер мен мамандар бала даму деңгейін ескере отырып жеке жұмыс жүргізсін.
2. Ата-аналарға даму картасы негізінде ұсыныстар берілсін.
3. Психолог тарапынан қосымша кеңестер ұйымдастырылсын.

4. Сауалнама нәтижесіне сүйене отырып, жыл бойына дамытушы іс-шаралар жоспары құрылсын.

ХАТТАМА №9

Кеңестік пункт аясында түсірілген видеоролик талқылауы

Тақырыбы: «Біз не үйрендік»

Өткізілген күні: 03.05.2024 жыл

Өткізілген орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар: әдіскер, тәрбиешілер, ата-аналар, мамандар

Мақсаты:

Балалардың оқу іс-әрекеттерінде меңгерген білім, дағды, шеберліктерін көрсетіп, ата-аналармен кері байланыс орнату.

Іс-шара сипаттамасы:

«Біз не үйрендік» тақырыбында топтағы балалардың жыл бойы алған білімдері, оқу қызметтерінде үйренген іс-әрекеттері, шығармашылық жұмыстарынан үзінділер, мерекелік және тәрбиелік сәттерден құралған видеоролик дайындалды.

Видеоролик мазмұны:

- Тақпақтар мен өлеңдер
- Математикалық ұғымдар
- Тіл дамыту, сауат ашу негіздері
- Қол еңбегі мен сурет салу
- Ән, би, музыкалық қойылымдар
- Дене шынықтыру элементтері
- Балалардың жеке жетістіктері

Қаулы етілді:

1. Ата-аналар видеороликпен танысып, оң пікір білдірді.
2. Тәрбиешілерге алғыс айтылып, жұмысты жалғастыру ұсынылды.
3. Мұндай видеороликтерді тоқсан сайын түсіріп, ата-аналармен бөлісу жоспарланды.

ХАТТАМА №10

Кеңестік пункт аясында өткізілген консультация-практикум

Тақырыбы: «Ата-аналар өтініші бойынша консультациялау»

Өткізілген күні: 03.06.2024 жыл

Өткізілген орны: №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар: әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер, ата-аналар

Мақсаты:

Ата-аналардың сұранысына сәйкес бала тәрбиесі, даму деңгейі, тәрбие мен оқытудағы мәселелер бойынша кәсіби кеңес беру және тәжірибелік көмек көрсету.

Өткізілген жұмыс мазмұны:

- Ата-аналар тарапынан келіп түскен сұрақтар талданды;
- Балада кездесетін мінез-құлық ерекшеліктері, үйрену дағдылары бойынша кеңес берілді;
- Психолог баланың эмоциялық дамуы бойынша практикалық жаттығулар ұсынды;
- Тәрбиешілер үй жағдайында дамытуға арналған ойындар мен тапсырмалар үлгісін көрсетті;
- Ата-аналармен кері байланыс орнатылып, ұсыныстары тыңдалды.

Қаулы етілді:

1. Ата-аналар тарапынан кеңес беру жұмысының пайдалы екендігі атап өтілді.
2. Әр ай сайын ата-аналар сұранысына байланысты консультациялық күн өткізу жоспарланды.
3. Педагогтарға ата-аналармен тығыз жұмыс жүргізу тапсырылды.
4. Консультациялар нәтижесі бойынша баланың даму картасына белгі соғу ұсынылды.

